

Тақырыбы: Ғажайып математика

Орындаған: КусаиноваК.Р.

Астана

Білім беру саласы:Таным

Оқу іс-әрекетінің түрі: «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру»

Мақсаты:20 көлемдегі сандарды тура және кері санауға дағдыландыру.Логикалық ойын арқылы баланың қиялын ой-өрісін есте сақтау қабілетін дамыту геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту.Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге баулу

Көрнекіліктер:белгілер,сандар,суретті плакаттар

Шаттық шеңбері:

-Балалар бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетімізге қонақтар келді.

Балалар : Арайлап таң атты,

Күн шуағын таратты

Қайырлы күн,досым,

Қайырлы күн,қонақтар

Тәрбиеші:Сұрақ-жауап

1.Бір жылда неше мезгіл бар?

(Балалар 4 мезгіл)

2.Жылдың қай мезгілі?

3.Қыс мезгілінде неше ай бар?

(Желтоқсан, қаңтар,ақпан)

-Жарайсыңдар балалар.Мен бүгін мектепке келе жатып,хат тастаушыны кездестірдім.Ол сендерге Қар ханшайымнан хат алып келіпті.Оқып берейін,тыңдандар.

Құрметті балалар,сәлеметсіңдер ме!Өздеріңе дайындаған қызықты тапсырмаларым бар,соны орындайсыңдар ма?

-Балалар,Қар ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба?(иә)

1-тапсырма

Ойын: «Тура және кері сана»

Ойынның шарты: (Балалар орындайды!)

2-тапсырма: «Есептерді шығар»

3-тапсырма «Айырмашылығын тап»

-Сергіту сәті:

4-тапсырма: «Логикалық есептер»

1.Қонжық біреу,

Табаны нешеу?(4)

-Жарайсындар балалар,

5-тапсырма: « Шыршаны безендір»

1.Екі үшбұрышты ең жоғары жағына орналастыр.

2.Бес дөңгелекті ортасына орналастыр

3.Төрт бұрышты сол жаққа орналастыр

4.Сопақшаны оң жаққа орналастыр

6-тапсырма: Санның құрамын тап:

(балалардың жұмысы)

Қорытынды:

Балалар бүгін ашық оқу іс-әрекетінде не істедік?

-1-ден 20-ға дейін тура және кері санадық

-Геометриялық пішіндерді қайталадық.

Сабакқа жақсы қатысқан балаларды мадақтау

Шаттық шеңбері:Балдай тәтті баламыз,

Айтқан тілді аламыз

Ойынменен өседі,

Ойымыз бен санамыз.

Көріскенше күн жақсы,

Сау болыңыз бәріңіз!

(Балалар қонақтармен қоштасады)

